**Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____**

_____қ. «__»_____2026 ж.

ТОО «СП «Caspi Bitum», бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

**1. Шарттың мәні**

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушы ел заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға болып табылады_____, салықтық тіркеу нөмірі: _____ (егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, осы тармақ толтырылуға жатады).

**2. Шарттың құны және төлеу шарттары**

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Төлем, егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем күніне арналған ресми бағамы бойынша шетел валютасында да жүргізілуі мүмкін;

2.1.2. Орындаушы Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Шарт жасалған сәтте көрсетілетін қызметтердің толық көлемін немесе ол үшін қажетті шығыстарды көздеу мүмкіндігі алынып тасталған жағдайда да. Егер Шартта ескерілмеген, бірақ Қызметтерді аяқтау үшін қажет Қызметтер көлемі анықталса, Орындаушы өз күшімен және мүмкіндігінше қысқа мерзімде Шарттың сомасын ұлғайтпай, Орындаушының күтпеген шығыстары есебінен Шарттың қосымшаларында ескерілмеген осы қызметтерді орындайды. Қалай болғанда да, Орындаушы Тапсырыс берушіден жоғарыда көрсетілген анықталған қызмет көлемін орындауға жұмсалған шығындарды өтеуді талап ету құқығына ие болмайды;

2.1.3. Орындаушының нақты шығыстары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілгендерден аз болған және орындаушы алған үнемдеу көрсетілген Қызметтердің сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы;

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.2.1. Бұл ретте, егер Тапсырыс беруші Шартқа сәйкес көрсетілетін Қызметтердің нәтижесіне түзету енгізуді талап еткен жағдайда, онда Шарт бойынша есеп айырысуды Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мерзімдерде, бірақ Орындаушының көрсетілетін Қызметтердің нәтижесіне түзетуді толық және тиісінше енгізгені туралы Тапсырыс берушінің жазбаша растауын Орындаушы ұсынған жағдайда жүргізеді;

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Аралық төлем көзделген шарттар үшін:

2.3.1.1. Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған, оның негізінде шот-фактура/төлеуге арналған шот (инвойс) жазып берілген, Орындалған Қызметтер көлемінен 100 [(жүз)] %, көрсетілген Қызметтер актісіне/Қызметтерді көрсету кезекті кезеңі бойынша көрсетілетін Қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады; Жоғарыда тізбектелген құжаттардың әрқайсысында Шарттың нөмірі көрсетілуі тиіс.

2.3.2. Егер Шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген болса, онда мұндай алдын ала төлем Орындаушы төлеуге шот берген және Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылу мерзімі бар Шартта айқындалған авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз еткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме, егер ол тәртіптің 43-ші бабының 8-ші тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды. Аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету Шарт

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ұсынылмаған жағдайда, Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші аванс төлемей жүргізеді. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4. Егер Шартқа №1 қосымшамен алдын ала төлем көзделген болса, онда мұндай алдын ала төлем Орындаушы авансты (алдын ала төлемді) және төлем шотын қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Шартта көзделген банк кепілдігі, ақшалай жарна немесе сақтандыру Шарты түріндегі авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі Міндеттеме, егер Шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген болса, сондай-ақ тәртіптің 43-ші бабының 8-ші тармағында көзделген Орындаушыны қамтамасыз етуді беруден босататын негіздер болмаған жағдайда ғана қолданылады. Бұл ретте, басым тәртіппен Орындаушы ақшалай жарна нысанында осындай қамтамасыз етуді ұсынуды қарауға тиіс. Қағаз жеткізгіштегі аванстық төлемнің тиісті сомасына аванстық төлемді қайтарудың банктік кепілдігі түрінде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда, кепілдік мәтіні Тапсырыс берушімен келісілуге тиіс, бұл ретте кепілдіктің қолданылу мерзімі Шартта көрсетілген Қызметтерді көрсету мерзімі аяқталған айдан кейінгі айдың соңына дейін болуға тиіс. Орындаушы сақтандыру Шартын ұсынған жағдайда сақтандыру компаниясы тәртіптің 64-ші бабының 6-ші тармағында көзделген талаптарға, сондай-ақ несиелік тәуекелдерді басқару жөніндегі «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік стандартында белгіленген өлшемдерге сәйкес келуге тиіс. Осымен Орындаушы несиелік тәуекелдерді басқару жөніндегі «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік стандартымен өзінің танысқанын растайды. Бұл ретте, егер шарт ұзақ мерзімді болып табылса, авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі Шарт бойынша тиісті жылға аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін болуға тиіс. Келесі қаржы жылына Орындаушы авансты (алдын ала төлемді) алдыңғы қаржы жылы аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынады. Аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ұсынылмаған жағдайда, Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші аванс төлемей жүргізеді. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4.1. Тәртіптің 43-ші бабының 8-ші тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем) төлем шотын ұсыну негізінде күнтізбелік 10 (он) күнге дейінгі мерзімде жүргізіледі.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Көрсетілген Қызметтер актісімен;

2.5.3. Екі Тараппен қол қойған көрсетілген Қызметтер актісі негізінде қойылған шот-фактуралар;

2.5.4. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актілері (түпкілікті есеп айырысу кезінде ресімделеді).

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

2.9. Шот/шот-фактура көрсетілген Қызметтер актісінің негізінде жазып беріледі және сату бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (ҚР Салық заңнамасына сәйкес) және көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей қойылуға (күнін қою керек) тиіс.

2.10. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуі тиіс, ал Орындаушы дауды шешу бойынша Тапсырыс берушінің пайдасына соманың дау тудырмайтын бөлігіне шотты қайта қоюы тиіс. Тапсырыс беруші мен орындаушы даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

2.11. Орындаушымен есеп айырысу кезінде, Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушыны жазбаша хабардар ете отырып, біржақты тәртіппен төлеуге жататын соманы (өзара есеп айырысуды жүргізу тәртібімен) сомаға азайтуға құқылы екендігімен келіседі: - осы Шарттың және/немесе Тараптар арасында жасалған өзге де мәмілелердің ережелеріне сәйкес Тапсырыс беруші қойған айыппұл санкцияларының және/немесе залалдарының; - Орындаушы Тапсырыс берушіге төлеуге жататын кез келген берешек.

2.12. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, ҚР Азаматтық кодексінде айқындалғандай, көрсетілген Қызметтер үшін Орындаушыға тиесілі төлем бойынша берешекті өтейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.13. Осы Шарт бойынша ҚР-да Орындаушының атына ақша аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал корреспондент – банктердің банк комиссияларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, ҚР-дан тыс жерде ақша аудару жөніндегі барлық өзге шығыстарды Орындаушы көтереді. Орындаушы Тапсырыс берушінің атына ақша аударуға байланысты барлық шығындарды көтереді.

2.14. Орындаушы Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Шарт жасалған сәтте көрсетілетін Қызметтердің немесе ол үшін қажетті шығыстардың толық көлемін көздеу мүмкіндігі алынып тасталған жағдайда да.

2.15. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, төлем төлеу көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын шегерумен, осы «төлемге/инвойсқа шот нысаны» №10 Шартқа қосымшада белгіленген нысан бойынша Орындаушы ұсынған төлемге шот/инвойс (шот-фактураны ресімдеусіз) негізінде жүргізіледі. Бұл ретте Орындаушының құқығы бар: - егер қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезиденттің табыстарына салық салудың өзге де қағидалары көзделген болса, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетінен корпоративтік табыс салығының ұсталған сомасын дербес қайтаруды жүзеге асыруға, немесе - Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, салық органынан Орындаушының резиденттік елінде есепке жатқызу мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының көздерінен алынған кірістердің және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама алу. Салық органынан анықтаманы Тапсырыс беруші салық агенті ретінде де алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттардың қолданыстағы ережелерінде көзделген тәртіппен (бұдан әрі – (Бұдан әрі-MLI) салық базасын бұлыңғырлауға және оны қолданған жағдайда салық салудан түскен пайданы шығаруға қарсы іс-қимыл мақсатында салық келісімдеріне қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны ескере отырып, белгілі бір талаптар мен өлшемшарттарды орындау негізінде Тапсырыс беруші Орындаушының табысын Қазақстан Республикасында салық салудан босату туралы шешімді дербес қабылдауға құқылы немесе оларға төмендетілген мөлшерлемені қолдану.

2.16. Тапсырыс берушінің Конвенция ережелерін MLI-ді ескере отырып (егер ол қолданылса) қолдану мүмкіндігін қарау мақсатында Орындаушы Тапсырыс берушіге ақпарат пен растайтын құжаттарды: a) Шарт жасалған күніне, сондай-ақ көрсетілген Қызметтердің әрбір актісімен бірге Шартқа №13 «Резидент еместің қызметкерлер бойынша кепілдігінің нысаны» және №12 «Сауалнама парағы» қосымшаларына сәйкес ұсынады; b) Шарт жасалған күніне № 14, 15, 16 «Анкеталар» қосымшаларына сәйкес ұсынады. Бұл ретте, Орындаушы ақпарат пен растайтын құжаттарды: егер резидент емес Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылса, оған MLI ережелері қолданылмайтын болса, № 14-қосымшаға; егер резидент емес Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылса, оған MLI ережелері қолданылатын және негізгі мақсатқа міндетті тестті (principal purpose test немесе қысқаша «PPT») жүргізуді көздейтін болса, №15-қосымшаға; егер резидент емес Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылса, оған MLI ережелері қолданылатын және екі міндетті тестті: негізгі мақсатқа тестті (principal purpose test немесе қысқаша «PPT») және салық жеңілдіктерінің жеңілдетілген шектеуін (simplified limitation of benefits немесе қысқаша «SLoB») жүргізуді көздейтін болса, №16-қосымшаға сәйкес толтырады және ұсынады. Тапсырыс беруші қажет болған жағдайда, MLI ережелерін қолдануды ескере отырып, Конвенция шеңберінде Шартқа №14, 15, 16-қосымшаларда көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Жоғарыда көрсетілген ақпарат пен растайтын құжаттар өзгерген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге жаңартылған № 14, 15, 16-қосымшаларды және тиісті растайтын құжаттарды мұндай жаңарту болған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, бірақ төлем күнінен немесе көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар актісінің күнінен кешіктірмей, осы екі күннің қайсысы кеш болса, сол күні ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Тапсырыс беруші Орындаушының ақпараты мен растайтын құжаттары негізінде Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісін тексереді. Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісі анықталған кезде, сондай-ақ Орындаушы Шартқа көрсетілген қосымшаларға сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынбаған/толық ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Конвенция ережелерін төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану немесе Орындаушының Қазақстан Республикасындағы табыстарын босату бөлігінде қолдануға құқылы емес және Орындаушыға табысты төлеу кезінде табыс салығын Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес мөлшерлеме бойынша ұстап қалады.

2.17. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде, егер Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғалар немесе Орындаушының қызметкерлері және (немесе) орындаушылары (қосалқы орындаушылары) болып табылатын не Орындаушы Шарт шеңберінде тартқан қосалқы орындаушының (қосалқы орындаушының) қызметкерлері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар (бұдан әрі – қызметкер(лер)) ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын тұлғалар ретінде танылса (яғни, осы Шартқа қол қойылған; осы Шарт қолданылатын; Қызметтер көрсету актісіне (актілеріне) қол қойылған күнтізбелік жылда аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының аумағында болса), мұндай Қызметкерлердің табыстарына Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығы (бұдан әрі – ЖТС) салынуы тиіс екендігі айқындалған. Қызметкерлердің табыстарынан ЖТС-ты уақтылы және толық ұстап қалу үшін жауапкершілік Тапсырыс берушіге салық агенті ретінде жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың келесі тармақшаларында белгіленген тәртіппен орындалады.

2.17.1. Тапсырыс беруші өз салық міндеттемесін орындау мақсатында, Шарт бойынша Қызметтер үшін әрбір төлем жасаған кезде, әрбір төлем сомасының 80 пайызының 10 пайызы есебінен есептелген Қызметкерлерден ЖТС төлемі есебіне соманы ұстап қалады.

2.17.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге №11-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ақпаратты, Қызметкерлердің барлығы бойынша деректерді көрсете отырып, осы Қызметкерлердің паспорттарының (Қызметкерлердің жеке басын растайтын заңнамада көзделген басқа да құжаттардың) көшірмелерін, шекаралық бақылау-өткізу пунктінің Қазақстан Республикасының шекарасынан өткені туралы белгілері және Қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болған уақытын растайтын өзге де құжаттарды келесі мерзімдерде

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ұсынады: (1) Шартқа қол қою сәтінде (ақпарат шарт жасалған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап шарт жасалған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс); (2) әрбір Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған күніне (ақпарат Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс). Көрсетілген құжаттар Тапсырыс берушіге әрбір Қызметкердің Қазақстан Республикасының аумағында ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбекті он екі айлық кезеңде 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болу/болмауын анықтау және ЖТС сомасын анықтау үшін ұсынылады.

2.17.3. Ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбекті он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша, Қызметтер көрсету актісімен бір мезгілде: 1. Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір Қызметкермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшартының) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі; 2. Қызметкермен жасалған еңбек шарты және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде жалдау бойынша жұмыстан алынатын Қызметкердің табысы туралы мәліметтерді қамтитын, Орындаушының резиденттігі мемлекетінің заңнамасында көзделген өзге де құжат ұсынылады.

2.17.4. Осы Шарттың 2.17.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы соңғы Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Шарттың 2.17.2. және 2.17.3.-тармақшалары бойынша ұсынылған құжаттардың негізінде Орындаушыға қайтарылуы мүмкін (толық немесе ішінара). Тапсырыс беруші қайтарылатын ЖТС сомасын Шарттың 2.17.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша, Шарт аяқталған күні келесі шарттар бір мезгілде орындалған кезде анықтайды: (1) барлық Қызметкерлер бойынша Шарттың 2.17.2-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылған; (2) Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбекті он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша, Шарттың 2.17.3-тармақшасында көрсетілген құжаттар белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде ұсынылған.

2.17.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы келесі тәртіппен анықталады: ЖТБқайт = ЖТБұс – ПДР*10%, мұндағы ЖТБқайт– Орындаушыға қайтарылуға жататын ЖТС сомасы, ЖТБұс – Шарттың 2.17.1.-тармақшасына сәйкес ұсталынған ЖТС сомасы, ПДР – егер осы табыстар Шарттың 2.17.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталса, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбекті он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн болған (келу және кету күндерін қоса алғанда) барлық Қызметкерлердің табыстары. Табыс сомасы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болған күнтізбелік күндер саны үшін анықталады

2.17.6. Орындаушы Шарттың 2.17.2. және 2.17.3.-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ, егер осы Шарт тармағының 2.17.2.-тармақшасы бойынша ұсынылған ақпаратқа сәйкес, Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген Қызметкерлердің кем дегенде біреуі ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбекті он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн болған болса (келу және кету күндерін қоса алғанда), ол бойынша Шарттың 2.17.3.-тармақшасы шеңберінде құжаттар ұсынылмаса, Тапсырыс беруші Шарттың 2.17.1.-тармақшасы бойынша ұстап қалған ЖТС-тың барлық сомасы Орындаушыға қайтарылмайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Орындаушы осы Шарт тармағын тиісінше орындамаған, оның ішінде дәйексіз ақпарат берген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша, Тапсырыс берушіде осыған байланысты туындаған залалдарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді.

2.18. ҚР заңнамасы салықтарға, баждарға және бюджетке өзге де төлемдерге қатысты өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.19. Осы Шарттың Қазақстан Республикасының Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартпен Қазақстан Республикасының Салық кодексінде қамтылғаннан өзге ережелер белгіленсе, көрсетілген шарттың ережелері қолданылады.

2.20. Осы арқылы Орындаушы «Самұрық-Қазына» АҚ кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартымен танысқанын және оның талаптарын қабылдайтынын растайды.

## 3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Қызмет көрсетуді Шартқа №1, №2 Қосымшаларға сәйкес шарттарда, көлемде, орындау орнында және мерзімде көрсетуге міндетті, сонымен қатар Орындаушы Қызмет көрсетуді күнтізбелік кестеде көзделген (№4 қосымша)Қызмет көрсетудің басталу күні немесе Шартқа қол қойылған кезеңінен бастап 3(үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бастауға міндетті.

3.2. Қызметтер көрсету күнін Тараптар көрсетілген қызметтер актісінде көрсетеді.

3.3. Орындаушы бірлесіп орындаушыларға (қосалқы мердігерлерге) Қызметтер көрсету үшін беруі мүмкін қызметтердің шекті көлемі орындаушының тендерлік өтінімінде көрсетілген көлемнен аспауы тиіс. Бұл ретте, егер Шарт Тәртіптің 59-шы бабы 1-ші тармағының 17) тармақшасының негізінде бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша жасалған жағдайда, Орындаушы Қызметтер көрсету жөніндегі көлемнің кемінде үштен екісін (2/3) (провайдердің бизнес-шешімдер қызметтерін көрсету жағдайларын қоспағанда) дербес орындауға міндетті.

3.4. Қызметтерді орындаушы Тараптардың Шартта белгіленген нысан бойынша жұмыс тапсырмаларына (бұдан әрі – Жұмыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тапсырмалары) қол қоюына қарай көрсетуге тиіс. Жұмыс тапсырмаларында Тараптар қызметтердің жекелеген бөліктерін көрсетудің көлемін, мерзімдерін, сипаттамасын, нәтижелерін ресімдеуге қойылатын талаптарды, құнын және басқа да шарттарын нақтылайтын болады. Орындаушының жұмыс тапсырмасын қарау мерзімі Тапсырыс беруші оны жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

## 4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. ызметтер көрсетілгені туралы қорытынды Актпен бірге Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің жалпы көлеміне (санына) қатысты ел ішіндегі құндылықтың есебі электрондық құжат түрінде (Веб-порталда ұсынылады) Шартқа №3 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады. Егер Шарт ұзақ мерзімді болып табылса (он екі айдан астам мерзімге жасалған немесе Қызметтерді орындау мерзімі келесі күнтізбелік жылға ауысатын болса), Орындаушы Шарт қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың қаңтар айының 20-сына дейін алдыңғы күнтізбелік жылда көрсетілген Қызметтердің көлеміне қатысты ел ішіндегі құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есептеуін ұсынуға міндетті.

4.1.2.1.1. Шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша көрсетілген қызметтер актісі;

4.1.2.1.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазып берілген шот-фактура.

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.5. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3.00 % мөлшерінде Төлем тапсырмалары түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.10.1. Тапсырыс беруші енгізілген Шартты орындауды қамтамасыз етуді Орындаушы өз міндеттемелерін Шарт бойынша толық әрі тиісті орындаған күннен бастап немесе тиісті жыл бойынша (егер ұзақ мерзімді шартта Шартты орындауды қамтамасыз етуді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тиісті жылға енгізу көзделсе) 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады. Орындаушы, шарттық міндеттемелерді орындаудағы бұзушылықтарды көрсете отырып, Тапсырыс беруші Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұсталатын қаражат туралы Орындаушыға хабарлама жіберген кезден бастап 10 күндік мерзім өткен соң, ұстап қалуды жүзеге асыратынымен келіседі. Ұстап қалудан кейін қалған Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасы Орындаушы өз міндеттемелерін Шарт бойынша толық әрі тиісті орындаған күннен бастап, сондай-ақ Орындаушы жіберген және жоюға болатын Шарт талаптарын бұзушылықтарды (егер ондай бұзушылықтар орын алса) жойған жағдайда, Қордың сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің (жеткізушілерінің) Тізіміне енгізбей, 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қайтарылады. Бұл ретте, Орындаушымен айыппұл санкциялары өз бетінше толық төленген немесе Тапсырыс беруші Орындаушыға төлеуге жататын соманы азайту жолымен Орындаушының айыппұлды толық төлеу жөніндегі берешегін өтеген жағдайда, Тапсырыс берушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуін ұстап қалмайды және орындаушы Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді. Орындаушының үшінші тұлғаларда шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтатылғанға дейін шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуге тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Тәртіптің 43-ші бабының 7-ші тармағында көзделген жағдайларда берілмейді;

4.1.11. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге осы Шартта көрсетілген жалақылар Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне белгіленсін және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан _____ кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде үзінді көшірмелер ұсынсуға (тендерлік құжаттамада Тәртіптің № 5 қосымшасының 35-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысының ең төменгі шегі(тері) белгіленген кезде қолданылады);

4.1.12. Шартты орындау үшін тартылған Орындаушының жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғаюын қамтамасыз етуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан _____ үзіндіден кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде ұсыну (Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 9) тармақшасының алтыншы абзацына сәйкес шарт жасасу және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізу кезінде қолданылады).

4.1.13. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.14. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан астам болған кезде өз қарамағында өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өз қызметі және (немесе) мамандары болуы тиіс (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.15. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге (мұндай талап көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.16. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.17. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы іс-шаралар жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету, белгіленген талаптарды сақтау және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жедел шаралар қабылдау мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру (егер бұл қызметтерге қатысты болса);

4.1.18. Тапсырыс берушіге берілетін, Қызметтер нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету. Шартта көзделген Қызметтерді уақтылы және сапалы, сақтай отырып көрсету: 1) қолданылатын құқық талаптары, оның ішінде экологиялық заңнама, Шарт талаптары (Шарттың 4.1.1-ші тармағында көрсетілгендей); 2) егер осы Шартта (оның ішінде техникалық ерекшелікте) өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген қызметтерді өз күштерімен, материалдарымен және құралдарымен (қызметкермен, жабдықпен, технологиялық жабдықпен, машиналармен және механизмдермен, арнайы техникамен және т.б., аспаптармен және аспаптармен, ЖЖМ және т.б.) көрсетуге міндетті;

4.1.19. Тапсырыс берушінің күзетілетін нысандарында шарттық міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің өткізу және нысанішілік режимдерінің талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

4.1.20. Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін біліктілігі, тәжірибесі мен құзыреттілігі осы Шарт бойынша Орындаушының міндеттерін тиісінше орындауға мүмкіндік беретін мамандарды тарту;

4.1.21. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін қажетті барлық рұқсат беру және өзге де құжаттарды, сондай-ақ өкілеттіктерді өз бетінше және өз қаражаты есебінен алуды және иеленуді қамтамасыз ету, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: - көрсетілетін Қызметтерге лицензиялар, сертификаттар; - шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар; - Қызметтерді Шарт бойынша көрсетуге байланысты қандай да бір құралдарға, жабдықтарға, технологияларға немесе оларды пайдалану не өндіру құқығына қатысты кез келген құқық иеленушілер мен лицензиаттардың құқықтары мен басым құқықтарына қатысты талаптарға байланысты құжаттар;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; - Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттары.

4.1.22. «CASPI BITUM» ЖШС (әкімшілік ғимараттарда немесе Тапсырыс берушінің аумағында қызмет көрсету жағдайында) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқамадан өту;

4.1.23. Қазақстан Республикасының еңбек және экологиялық заңнамасының талаптарын, Тапсырыс берушінің экономикалық қауіпсіздік регламентінің, Тапсырыс берушінің жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламентінің, Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясатының, Тапсырыс берушінің экологиялық саясатының, Тапсырыс берушінің алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясатының, Тапсырыс берушінің жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясатының, Тапсырыс берушінің Тұрақты даму саласындағы тұжырымдамасының,Тапсырыс берушінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексінің, Тапсырыс берушінің іскерлік этика кодексінің, Тапсырыс берушінің қызметкерлерінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау жөніндегі көшбасшылық пен адалдығы кодексінің, Тапсырыс берушінің әкімшілік ғимараттарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары жөніндегі жұмыс нұсқаулығының, Шартқа №5 Қосымшаның «Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау» талаптарын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі құжаттарының талаптарын сақтау; Осы арқылы Орындаушы Қызметтерді көрсетуді бастамас бұрын (Шарттың 4.2.8-ші тармағын ескере отырып) осы тармақта көрсетілген құжаттармен танысқанын және олардың талаптарын мүлтіксіз сақтауға келісетінін растайды.

4.1.24. Қызметтерді көрсету барысында Тапсырыс берушінің мүлкінің, сондай-ақ осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін Орындаушының өзі берген материалдардың, жабдықтардың және өзге де мүліктің (оның ішінде Қызметтер көрсетілетін орында ұзақ уақыт сақталатын мүліктің) сақталуын қамтамасыз ету;

4.1.25. Қызметтерді көрсету барысында өзінің әрекеттерімен Тапсырыс берушінің, сондай-ақ оның контрагенттерінің жұмысына кедергі жасамау;

4.1.26. Көрсетілетін Қызметтердің сапасын бақылауды жүзеге асыру, көрсетілетін Қызметтердегі кемшіліктердің алдын алу және оларды жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

4.1.27. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шартты орындауға байланысты кез келген (дәлелді) ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Қызметтерді көрсетуге қатысты іс-әрекеттердің мәртебесі туралы ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсыну. Бұл ретте ақпараттың сипатын, көлемін және нысанын (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс беруші айқындайды.

4.1.28. Қызметтерді орындау тәсілі туралы Тапсырыс берушінің нұсқауларын орындау нәтижесінде Тапсырыс беруші үшін қолайсыз салдарлардың туындау мүмкіндігі, теріс нәтиже немесе Қызметтерді одан әрі көрсетудің орынсыздығы, не болмаса Орындаушыға байланысты емес өзге де мән-жайлар анықталған жағдайда, олар көрсетілетін Қызметтердің жарамдылығына немесе сапасына қатер төндірсе, не оларды мерзімінде көрсетуді мүмкін етпесе, Орындаушы Тапсырыс берушіні дереу хабардар етіп, оның нұсқауларын алғанға дейін Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға міндетті. Қызметтерді әрі қарай көрсетудің орындығы туралы мәселені, Тараптар Тапсырыс беруші Қызметтердің тоқтатылуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді;

4.1.29. Обеспечить отсутствие у третьих лиц исключительных и иных прав на переданные Заказчику результаты Услуг по Договору и соответственно денежных требований по ним. По требованию Заказчика Исполнитель обязуется передать Заказчику исключительные права на результаты оказанных Услуг или их часть;

4.1.30. Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерінен туындаған Тапсырыс берушінің барлық залалдарын өтеу. Егер құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген өзге үшінші тұлғалар Орындаушы көрсеткен Қызметтерге қатысты талаптар қойып, оның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынса немесе қандай да бір залалдар өндіріп алынатын болса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша көрсетілген айыппұл (өсімпұл) мен залалдардың сомасын дереу өтеуге міндетті;

4.1.31. Шарт бойынша Қызметтер көрсетіліп болғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынған барлық заттарды (қағаз және электрондық жеткізгіштердегі ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және т.б.) қайтару;

4.1.32. Осы Шарттың қосымшасы «Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерде» баяндалған мүдделер қақтығысы туралы ұсынылған деректердің шынайылығына кепілдік беру және Орындаушының мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы кепілдіктері мен растауларын бұзғаны үшін Қосымшаға сәйкес жауапкершілікке тартылу;

4.1.33. Шартқа тиісті Қосымшаны қол қою арқылы мүдделер қақтығысы туралы Мәліметтерді ұсыну, олардың шынайылығы мен толықтығын қамтамасыз ету. Мүдделер қақтығысы туралы Мәліметтерге қатысты жалған ақпарат ұсынғаны, сондай-ақ Орындаушының мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы кепілдіктері мен растауларын бұзғаны үшін Шарттың жалпы құнының 1% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікке тартылу.

4.1.34. Мүдделер қақтығысына қатысты кез келген оқиғалар және (немесе) деректер туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету; мүдделер қақтығысының белгілері анықталған жағдайда бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу ескерту және Қызметтерді одан әрі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

көрсетудің мүмкіндігі (мүмкін еместігі) мәселесін шешу үшін шаралар қабылдау;

4.1.35. Мүдделер қақтығысы туралы Мәліметтер ұсынылғаннан кейін, Қызметтер көрсетуге байланысты мүдделер қақтығысының бар екендігі анықталған немесе күдік туындаған жағдайда, осы Шартқа қол қойған тұлғаның немесе оны алмастыратын тұлғаның атына жазбаша түрде мүдделер қақтығысы туралы кейінгі мәліметтерді дереу ашып көрсету;

4.1.36. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қызметтерді көрсету кезінде құпия ақпаратты жария еткені үшін Тапсырыс берушіден жазбаша келісім алу;

4.1.37. Тапсырыс берушімен өзара қатынастарда жоғары этикалық мінез-құлық нормаларын басшылыққа алу және 2014 жылдың 16 қазанындағы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (№114 хаттама) консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу саясатының талаптарын қатаң сақтау;

4.1.38. Тапсырыс берушімен қарым-қатынастарды адалдық, ашықтық, қажетті ақпаратты толық көлемде ашып көрсету, Тапсырыс берушінің тапсырмаларын оның мүдделерінің басымдығын және консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу саясатының өзге де талаптарын қатаң сақтау негізінде орындау қағидаттарына сүйене отырып құру. Бұл саясат 2014 жылдың 16 қазанындағы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№114 хаттама) және 2014 жылдың 28 қазанындағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№48/14 хаттама) бекітілген консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі Корпоративтік стандартпен белгіленген.

4.1.39. Қызмет көрсету күнінен бастап 5 (бес) жыл ішінде Шарт мәніне байланысты не одан туындайтын мәселелер бойынша Тапсырыс берушімен өзара қарым-қатынаста үшінші тұлғалардың мүдделерін білдірмеуге;

4.1.40. Егер Орындаушының Тапсырыс берушінің мүдделерін ұсынуы мүдделердің параллель қақтығысын тудырса немесе тудыруы мүмкін болса, Тапсырыс берушіні хабардар ету және Тапсырыс берушіден тиісті нұсқаулар алғанға дейін қызметтер көрсетуді тоқтата тұру. Егер өзінің ағымдағы клиентінің орындаушысының өкілдігі Тапсырыс берушінің мүдделеріне сәйкес келмесе немесе Орындаушының өзінің бір және одан да көп ағымдағы клиенттерінің өкілдігі Орындаушының Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін бұзу қаупі болса, параллель жанжал туындауы мүмкін;

4.1.41. Мүдделер қақтығысының болуы нәтижесінде келтірілген залалдарды өтеу бойынша Тапсырыс берушінің алдында толық жауапкершілікте болу;

4.1.42. Тапсырыс берушімен, Қордың тобына кіретін ұйымдармен, Қазақстан Республикасымен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен мүдделер қақтығысының болмауын қамтамасыз ету;

4.1.43. Тапсырыс берушіден алынған барлық ақпараттың құпиялылық режимін қатаң сақтауға, шарт тоқтатылған жағдайда алынған ақпаратты/мәліметтерді қайтаруды және (немесе) жоюды қамтамасыз етуге;

4.1.44. Орындаушы Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Орындаушының және бірлесіп орындаушылардың (қосалқы мердігерлердің) қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге міндеттенеді;

